

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Қош бол, перғауын!



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.


Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1



Перғауын қатты ашуланды!
Құдай оған Мұса арқылы
исраилдік құлдарға
Мысырды тастап шығуға
жол беруін бұйырған.
Ол бас тартты.


2



«Олармен ерінбей-жалықпай жұмыс істеңдер», –деп бұйырды перғауын құлдардың иелеріне. Енді израилдіктердің жағдайлары тіпті нашарлады.

3

«Өз сабаныңды өзің жина. Біз бұдан былай оны бермейміз. Бірақ кірпіш санын сонша етіңдер». Перғауынның жаңа бұйрығы осындай болды.



4

Бақылаушылар бірнеше құлдарды сабады, өйткені олардың сабан жинауға, бірақ кірпішті жеткілікті жасауға уақыттары болмады.



5

Халық өздерінің бақытсыздықтарына Мұса мен Һаронды кінәлады. Мұса сиынатын жер тауып алды. «О, ЖАРАТҚАН ИЕМ, – деп дауыстады ол. – Сен Өзіңнің халқыңды мүлдем құтқармадың».



«Мен –Жаратқан Иемін, сондықтан Мен сені алып шығам», –деді Құдай.

6


Бұдан соң Құдай Мұса мен Һаронды қайтадан перғауынға жіберді. Қүдіретті әмірші Құдайдың қызметшілерінен Құдайдың кереметін көрсетуді сұраған

кезде, Һаронның таяғы ирелеңдеген жыланға айналды.



7

«Менің сиқыршыларымды шақыр», –деп бажылдады перғауын. Мысырлық сиқыршылар өздерінің таяқтарын тастаған кезде, әрбір таяқ та жыланға айналды. Бірақ Һаронның таяғы қалғандарын жұтып қойды. Дегенмен перғауын халықты жіберуден бас тартты.



8

Келесі күні таңертең Мұса мен Харон перғауынды өзен бойында кезіктірді. Харон таяғын созған кезде, Құдай суды қанға айналдырды. Балықтар өліп қалды! Адамдар оны іше алмады!




Бірақ перғауын өзінің жүрегін қасарыстырып алды. Ол ираилдіктерге Мысырды тастап кетуге рұқсат бермеді.



Мұса тағы да перғауынға Құдайдың халқын жіберуді айтты. Перғауын қайтадан бас тартты. Құдай тағы бір апат жіберді. Бүкіл Мысыр бақаға толып кетті. Әр үй, әр бөлме, тіпті ас үйдегі пештер де бақаға лық толды.




«Құдай бақаларды аластатсын деп мен үшін сиыншы, – деп жалынды перғауын. – Сонда мен сенің адамдарыңды босатам». Бірақ бақалар жоғалған кезде, перғауын райынан қайтты. Ол құлдарды босатқысы келмеді.



Бұдан соң Құдай шіркей деп аталатын миллиардтаған титтей жәндіктерді жіберді. Әрбір адам мен аң олардың шаққанынан қышынып қасынды, бірақ перғауын Құдайға орын бермеді.



Сосын Құдай құжынаған шыбындарды жіберді. Мысырлықтардың малдарын өлтіру үшін Құдай ауру жіберді. Сондай-ақ іріңді жара да қапталды. Адамдар қатты азап шекті. Перғауын сонда да Құдайға қарсыласып бақты.





Шикандардың
індегінен кейін
Құдай қисапсыз
көп шегірткелерді
жіберді.
Шегірткелер
жердегі
өсімдіктердің
бәрін жеп қойды.

15




Содан кейін
Құдай үш күн
қараңғы түнек
орнатты. Бірақ
қырсық перғауын
исраилдіктерді
босатқысы
келмеді.

16

«Мен тағы бір індет жіберем, –
деп ескертті Құдай.

–Түн ортасында
адамдар мен
малдардың барлық
тұңғыштары
өледі». Құдай
исраилдіктерге егер
олар өз үйлерінің
есік жақтауларына
тоқтының қанын
жағатын болса,
олардың тұңғыштары
құтқарылатынын айтты.



17



Түн ортасында Мысырда
қатты айғай естілді.
Ажал соққы берді. Әр
үйде тым болмағанда
бір адам өлді.

18



«Жоғал! –деп жалынды
перғауын Мұсаға. –
Барыңдар да, Жаратқанға
қызмет етіндер». Құдайдың
халқы Мысырдың
шекарасынан
тез асып кетті.

19



Құдай Мұсаға Құтқарылу түнін
есте сақтауды бұйырды, өйткені Құдайдың
Періштесі исраилдіктердің үйінен өтіп кетіп,
перғауын мен оның халқына үлкен соққы берді.

20



Мысырдағы 430 жылдан кейін Құдайдың халқы енді бостандық алды. Құдай оларды күндіз бұлтты бағанмен, ал түнде отты бағанмен жетелеп отырды.

21

Бірақ перғауын исаилдіктермен шаруасын әлі аяқтаған жоқ еді.



Ол қайтадан Құдайды ұмытып кетті. Ол тағы да райынан қайтты. Өзінің әскерін жинап алып, ол құлдарының артынан аттанды. Көп өтпей-ақ олар теңіз бен жартастардың арасындағы тұзаққа тап болды.

22

«Жаратқан Ие сендер үшін Өзі шайқасады», – деді Мұса. Мұса судың жиегіне келіп, қолын созды.

23

Ұлы керемет болды. Құдай теңіз арқылы жол ашты. Адамдар аман-есен өтіп кетті.



24

Бұдан соң перғауынның жасағы да Қызыл теңізге қойып кеткен. «Біз енді оларды ұстап аламыз», – деп ойлады жасақшылар. Алайда Құдай судағы жолды жапты. Мысырдың құдіретті жасағы суға жұтылып кетті. Енді перғауын Исраилдің Құдайы бәрінің де Жаратқан Иесі екенін білді.



25

Қош бол, перғауын!

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Мысырдан шығу 4-15

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

26



Соңы

11

60

27

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

28